

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. URL: <https://old.stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT410065> (дата обращения: 15.03.2024).

11. Основные показатели научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ в Республике Казахстан (2021 г.) //Статистика образования, науки и инноваций. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. URL: <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/8133/file/ru/> (дата обращения: 15.03.2024).

12. Основные показатели научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ в Республике Казахстан (2022 г.) //Статистика образования, науки и инноваций. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. URL: <https://stat.gov.kz/api/iblock/element/16779/file/ru/> (дата обращения: 15.03.2024).

УДК 001.8

«ДИВЕРСИЯЛЫК ИННОВАЦИЯЛАР»: ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ҚАУІПТЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Сапиолдаева Балым Қайратқызы

balim.kairatova@gmail.com


Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Хасенова К.К., э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Белгілі ағылшын өнертапқышы Артур Кларктың үшінші заңына сәйкес: кез-келген дамыған технология сиқырдан ерекшеленбейді.[1] «Диверсиялық (disruptive) инновациялар» термині бізге ағылшын тілінен келген болатын. Бұл ұғымды әлемге американдық ғалым Клейтон Маглби Кристенсен «the Innovator's dilemma: when new technologies cause great firms to fail» кітабында ұсынды.[2] «Диверсиялық (disruptive) инновациялар» Клейтон Кристенсеннің кітабына сәйкес, салаларда түбегейлі өзгерістерге әкеледі. Ескі технологиялар құндылықтарды құрудың жаңа, әлдеқайда тиімді тәсілдерімен алмастырылады. Қарапайым мысалдарды алып қарастыратын болсақ: смартфондар – стационарлық аппараттар мен батырмалы ұялы телефондарды алмастырды, электрондық пошта – көбінесе қағазбастылықты, Google және басқа іздеу жүйелерін көптеген анықтамалықтар мен энциклопедияларды алмастырды, компьютерлік көру және жасанды интеллект технологияларының дамуына байланысты қазір жүргізушілерді автомобильдерді өздігінен жүретін автомобильдер алмастыруда және т.б.

Сонымен «диверсиялық (disruptive) инновациялар» дегеніміз бұл түбегейлі жаңа тауарлар мен қызметтер нарығын «нөлден» қалыптастыратын инновациялар. Басқаша айтқанда, олар бұрын талқыландырмаған мәселені шешетіндіктен түбегейлі жаңа өнім, жаңа сұранысты тудырады.

Қазірдің өзінде қалыптасқан нарықтарды бұзуға қабілетті диверсиялық технологиялар қалыптасуы негізгі 6 кезеңін бөліп қарастыруға болады:



Сурет 1 - Диверсиялық (disruptive) инновациялардың қалыптасу кезеңі. Ескерту – автормен құрастырылған.

Әлем қазір жаңа технологиялардың әсерінен тез өзгеруде. Бұл өзгерістер біздің мемлекетімізге де өз әсерін тигізуде. «Диверсиялық (disruptive) инновациялар» тақырыбы Қазақстан үшін не үшін маңызды болып табылады:

1. Экономикалық қиындықтар: - Қазақстан экономикасы әртараптандыруды қажет етеді. - Диверсиялық инновациялар жаңа салалар мен нарықтарды құрудың катализаторы бола алады. - Бұл жаңа жұмыс орындарын құруға және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.	2. Әлеуметтік қиындықтар: - Диверсиялық инновациялар дәстүрлі салалардағы жұмыс орындарының жоғалуына әкелуі мүмкін. - Бұл әлеуметтік теңсіздік пен шиеленіске әкелуі мүмкін. - Үкімет қазірдің өзінде халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі шараларды әзірлеуі қажет.
3. Технологиялық мүмкіндіктер: - Қазақстан диверсиялық инновациялар саласында көшбасшы болуға әлеуеті бар. - Елде қажетті ресурстар мен талантты адамдар бар. - Инновацияларды дамыту үшін қолайлы орта құру қажет.	4. Жаһандық трендтер: - Әлем жаңа технологиялардың әсерінен тез өзгеруде. - Диверсиялық инновациялар бүгінде көптеген салаларда ойын ауыстырғыш болып табылады. - Қазақстан, басқа елдер сияқты, бұл өзгерістерді елемеге болмайды.

Кесте 1. «Диверсиялық (disruptive) инновациялардың» Қазақстан үшін маңыздылығы. Ескерту – автормен құрастырылған.

1-кестеде «Диверсиялық (disruptive) инновациялардың» Қазақстан үшін маңыздылығын көрсететін негізі факторлар көрсетілген. Егерде біз бұл факторларға уақытында мән бермесек, бұл мүмкіндіктер болашақта тәуекелдерге айналуы мүмкін.

2023 жылы жетілдірілген жасанды интеллект чатботына еркін қол жетімділікті

ашқаннан кейін, жасанды интеллект тақырыбы «диверсиялық инновация» дәуіріндегі адамзаттың болашақ дамуын талқылаудың күшті жарылғыш толқынын тудырды. Бұл инновациялар алдағы 10-20 жылда әлемді өзгерте алады. Мысалы, жасыл энергетика, блокчейн-технология, коворкинг-орталықтар және байкшеринг — олардың барлығы Қазақстандағы бизнес үшін негіз бола алады.

Олар біздің елімізге қандай тәуекелдер мен мүмкіндіктер әкеледі? Бұл мұқият талдауды және болашаққа стратегиялық көзқарасты қажет ететін сұрақ. Бірақ бір нәрсе анық: диверсиялық инновациялар дәуірінде Қазақстанға жаппай инновациялық кәсіпкерлік мәдениетін дамыту және стартап-жобаларға венчурлық инвестициялауды ынталандыру қажет.

Қазіргі таңда Қазақстанда біз түрлі салалардағы диверсиялық инновациялардың мысалдарын көре аламыз. Мысалы, жасанды интеллект, жасыл энергетика, блокчейн технологиясы, т.б. Бұлардың барлығы әртүрлі салаларда қарқынды түрде қолданылуда. Мәселен:

1. Бөлшек сауда: - Онлайн сауданы дамыту: Wildberries, Lamoda, Kaspi.kz, Satu.kz - Азық-түлік жеткізу: Wolt, Glovo, Chocofood Дрондар: Choco Жеткізу	2. Қаржы: - Мобильді төлемдер: Kaspi Pay, Homebank, Halyk Homebank - FinTech: Kaspi Bank, Jusan Bank, ForteBank Cryptocurrency: Binance, Huobi, Bybit	3. Білім: - Онлайн білім: Udemy, Coursera, Skillbox, Stepik EdTech: Ustudy, Smartcat, iTutor	4. Денсаулық сақтау: - Телемедицина: Doctorlline, iDoctor, Zdrav.kz - Медицинадағы жасанды интеллект: Asel AI, MedTech
5. Ауыл шаруашылығы: - Smart фермалары: Smartseeds, Plantix, Agritech Hub - Нақты егіншілік: Beeline Agro, KazakhAgroInnovation	6. Жасыл экономика: - Күн энергиясы: Solaris, Green Technologies - Қайта өңдеу: EcoWaste, Green Taldykorgan	7. Мемлекеттік қызметтер: - Электрондық үкімет: eGov.kz, Qoldau, Ikomek Ашық деректер: Data.gov.kz, Smart bridge, т.б.	8. Онлайн-медиа: Tengrinews.kz, Informburo.kz, Vlast.kz Әлеуметтік желі: Instagram, TikTok, YouTube

Кесте 2 - ҚР-дағы салалар бойынша диверсиялық инновациялардың тізімі. Ескерту — автормен құрастырылған.

Дегенмен, диверсиялық инновациялар Қазақстан үшін бірқатар тәуекелдерді тудыруы мүмкін:

- Қолданыстағы салаларға қауіп: диверсиялық инновациялар есебінен кейбір қолданыстағы өнімдерді немесе қызметтерді ескіруі мүмкін, бұл жұмыс орындарының жоғалуына және жаңа технологияларға бейімделе алмайтын салаларға зиян келтіруі мүмкін.
- Теңсіздік: егер жаңа технологияларға немесе дағдыларға қол жетімділік шектеулі болса, бұл әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктің артуына әкелуі мүмкін.
- Қауіпсіздік және құпиялылық: жаңа технологиялар, әсіресе цифрлық және жасанды интеллект, қауіпсіздік пен құпиялылыққа қауіп төндіруі мүмкін.
- Этикалық сұрақтар: кейбір диверсиялық инновациялар мұқият қарауды қажет ететін этикалық сұрақтарды тудыруы мүмкін.

- Нарықтың тұрақсыздығы: диверсиялық инновацияларды жылдам енгізу нарықтағы тұрақсыздыққа әкелуі мүмкін, өйткені компаниялар мен салалар жаңа жағдайларға бейімделеді.

Мысал ретінде интернет алаяқтық пен киберқауіпсіздікке байланысты елімізде туындап жатқан жағдайларды атап өтсе болады.

Осы тәуекелдердің алдын алуда Қазақстанның осы тәуекелдерді басқару және диверсиялық инновациялар ұсынатын мүмкіндіктерді барынша пайдалану үшін стратегияларды әзірлеуі маңызды.

Диверсиялық инновациялармен байланысты тәуекелдермен күресуге және алдын алуға көмектесетін бірнеше стратегиялық бағыттар бар:

1. Инновациялар үшін қолайлы орта құру: <i>Білім мен ғылымға Инвестициялар:</i> - Өзгермелі нарық жағдайында жұмыс істей алатын кадрларды даярлау - Өз технологияларын дамыту <i>Бюрократияны жеңілдету:</i> - Бизнесіні дамыту үшін жағдай жасау - Инвестицияларды тарту	2. Дәстүрлі салаларды қолдау: <i>Жаңа жағдайларға бейімделуге көмектесу:</i> - Кадрларды қайта даярлау - Жаңа технологияларды енгізу <i>Жаңа жұмыс орындарын құру:</i> - Жаңа салаларды дамыту - Шағын және орта бизнесіні қолдау
3. Әлеуметтік шиеленісті азайту: <i>Әлеуметтік бағдарламаларды дамыту:</i> - Жұмыссыздарды қолдау - Кедейлік деңгейінің төмендеуі <i>Білім беру мен денсаулық сақтауға қолжетімділікті қамтамасыз ету:</i> - Адамдардың өмір сүру сапасын арттыру - Тең мүмкіндіктер жасау	4. Талантты кадрларды сақтау: <i>Идеяларды іске асыру үшін жағдай жасау:</i> - Гранттар жүйесін дамыту - Инновациялық орталықтар құру <i>Даму мүмкіндіктерін ұсыну:</i> - Тағылымдамалар - Біліктілікті арттыру <i>Бәсекеге қабілетті жалақыны қамтамасыз ету:</i> - ҚР-да жұмысты ынталандыру - Кадрлардың шет елдерге кетуіне жол бермеу
5. Экономикалық тәуелділіктің төмендеуі: <i>Өз технологияларын дамыту:</i> - Ғылыми зерттеулерге инвестициялар - Бәсекеге қабілетті өнімдерді құру <i>Ғылыми зерттеулерге инвестициялар:</i> - Іргелі ғылымды дамыту - Жаңа білім құру <i>Басқа елдермен ынтымақтастық:</i> - Тәжірибе алмасу - Бірлескен әзірлемелер	

Кесте 3 – Стратегиялық бағыттар. Ескерту – автормен құрастырылған.

Қортындылай келе, диверсиялық инновациялар Қазақстан үшін тәуекелдерді де, мүмкіндіктерді де білдіреді. Бір жағынан, олар қолданыстағы бизнес-модельдер мен нарықтық құрылымдарда айтарлықтай өзгерістер тудыруы мүмкін, бұл нарықтағы үлестер мен кірістердің жоғалуына әкелуі мүмкін. Екінші жағынан, олар тұтынушылардың беймәлім қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын жаңа өнімдер мен қызметтерді ұсына отырып, өсу мен дамудың жаңа мүмкіндіктерін аша алады.

Диверсиялық инновациялармен байланысты тәуекелдерді басқару сәйкестендіруді, бағалауды, тәуекелдерді басқару стратегияларын әзірлеуді және бақылауды қамтитын

стратегиялық тәсілді қажет етеді. Бұл нарықты, технологияны және тұтынушылардың қажеттіліктерін, сондай-ақ өзгермелі жағдайларға тез бейімделу қабілетін терең түсінуді талап етеді. Қазіргі орын алып жатқан тәуекелдердің салдарымен күресуде және алдын алуда жоғарыда аталып өтілген стратегиялық бағыттарды ұстану ұсынылады.

Қазіргі таңда инновацияларды қолдау және олармен байланысты тәуекелдерді басқару үшін Қазақстанның зерттеулер мен әзірлемелерге, білім мен инфрақұрылымға инвестиция салуды жалғастыруы маңызды. Сонда ғана еліміз диверсиялық инновацияларды ұсынатын мүмкіндіктерді толық пайдалана алады және болашақта тұрақты экономикалық дамуды қамтамасыз ете алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. [Электрондық ресурс] URL:
https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D1%80%D0%B8_%D0%B7%D0%B0%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%B0_%D0%9A%D0%BB%D0%B0%D1%80%D0%BA%D0%B0
2. Клейтон М. Кристенсен. Дилемма инноватора: как из-за новых технологий погибают сильные компании // <https://www.livelib.ru/book/1000089233-dilemma-innovatora-kak-izza-novyh-tehnologij-pogibayut-silnye-kompanii-klejton-m-kristensen>

ОӘК 338.28

КРЕАТИВТІ ЭКОНОМИКА-ИННОВАЦИЯНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА ИДЕЯЛАРЫ МЕН ШЕШІМДЕР КӨЗІ РЕТІНДЕ

Сапиолдаева Балым Қайратқызы, Бағрам Токтар Абайұлы

balim.kairatova@gmail.com 87772272570@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD, доцент Әбенев Е.М

Қазақстан Республикасының Президенті К.К. Тоқаев өзінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында креативті экономиканы экономикалық өсумен қазіргі әлемдегі инклюзивті экономиканың даму көзі болып табылатын «шығармашылық өндіріс» ретінде атап өткен болатын.[1]

«Креативті экономика» термині 1990 жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында пайда болды. Креативті экономика саласын түбегейлі зерттеген американдық ғалым Ричард Флорида креативті экономиканы дамытудың негізгі қағидасы – «3Т» қағидасы деп түсінді: технология, талант, төзімділік. Ғалым креативті классты екі топқа бөліп қарастырды: бірінші топқа экономикалық функциясы жаңа идеяларды, жаңа технологияларды қалыптастырумен байланысты және ғылым, IT, дизайн, сәулет сияқты шығармашылық салаларда қызмет ететін адамдарды жатқызса, екінші топтағы адамдар бизнес, қаржы, денсаулық сақтау сияқты аралас салаларда жұмыс істейді, осы салаларға креативті жаңалықтар қосады деп болжады.[2]

Сонымен, креативті экономика немесе білім экономикасы — интеллектуалды қызметке негізделген экономиканың ерекше секторы. Негізгі сипаттамалары:

- адам қызметінің әртүрлі салаларындағы жаңа технологиялар мен жаңалықтардың жоғары рөлі.
- белгісіздіктің жоғары дәрежесі.
- бұрыннан бар білімнің үлкен көлемі және жаңа білімді қалыптастырудың шұғыл қажеттілігі.

Қазіргі таңда креативті индустриялар көптеген елдердің экономикасын дамытудағы маңызды инновациялық бағыттарға айналууда. Жылдам қарқынмен дамып, олар өз экономикаларының өсуінің жаңа көздерін құрып қана қоймай, сонымен қатар ірі мегаполистердің эксклюзивті экожүйелерін құрып, серпінді бағыттарға назар аударады. БҰҰ Бас Ассамблеясы креативті экономика тұжырымдамасын жаһандық экономикалық күн